

**Қарасу негізгі мектебінің 2023-2024 оқу жылында 9-сыныппен  
жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы.**

2023-2024 оқу жылын 9- сынып 3 оқушымен бастады. Сыныпта 2-ер бала және 1-қыз бала бар.

Екпінді оқушы саны: 2 (Төлеубаев Архат, Қыдырбаева Гүлсима)

Сыныптың әлеуметтік жағдайы: 1-оқушы жартылай жетім 2-оқушы көп балалы отбасынан. Сынып өте ұйымшыл, қиындық келтіретін оқушы жоқ. Мектебіміздің үйірмелеріне қатысады. Қол күреске -1 оқушы, театрға - 1 оқушы, дебатқа –1оқушы қатынасады. 9-сынып мектебіміздің бітіруші сыныбы болғандықтан қыркүйек айынан бастап ата-аналарымен тығыз байланыста болып, жағдайларымен жете таныстым. Жыл басында 2023-2024 оқу жылының тәрбие жұмыс жоспары жасақталып, жас ұрпақтың бойында азаматтық және патриотизмді қалыптастыру мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылды. Биылғы оқу жылында тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

Сынып оқушыларының негізгі міндеті мен мақсаты: өзін жеке тұлға ретінде таныту, сапалы білім алу.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша: «Мектеп мейірім мекені», «Білім және тәрбие» биылғы оқу жылының ерекшеліктері, «Ұстаз, сіздің алдыңызда» т.б.

«Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс): Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз, Адалдық және сыпайылық шынай адам келбеті, Тәуелсіз елдің ұландары, Заңды білген жөн екен.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша: «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ», «Қылмыс және жасөспірім», «Таным.Тағылым.Тәрбие», Медиатime.

«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы бойынша: «Жолда жүру ережелерін білесің бе?», «Отбасылық дәстүрлер».

«Ата-аналар мектебі» жобасы бойынша: «Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі», «Ұлттық киім–ұрпаққа мұра», «Ұмыт болған ұлттық тағамдар», «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды», Сабырлылық – асыл қасиет, Бүгінгі шәкірт -ертеңгі маман,«Отбасыммен бірге» отбасы құндылықтарын насихаттау.

«9 ай- 9 іс-шара» жобасы бойынша: «ЖИТС – 21 ғасыр дерті» пресс конференция, Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту, Наурыз мейрамы құтты болсын, Мәдени мұра айтыс өнері.

«Балалар кітапханасы» жобасы бойынша: «Бір отбасы – бір кітап», «Кітап оқитын адам – табысты адам»

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы бойынша: «Ұлттық ойын- ұлт қазынасы».

Тәрбие бағыты бойынша 2023-20234оқу жылының тәрбие сағаты тақырыптары бекітіліп, сынып сағаттары түрлі форматта өткізілді. Сынып оқушыларының ата-аналарымен үнемі офлайн, онлайн (ватсап желісі) форматта байланыста болып, түрлі іс-шараларға, мектеп әкімшілігі ұйымдастырған түрлі жоспарлы жұмыстарына (триннинг, сауалнама, дөңгелек т.б.) бала тәрбиесіне қатысты түрлі қатынас негізінде болған жиналыстарға (оқушыларды қатігездікке баулитын ойындардың алдын алу және тиым салу, кибербуллинг туралы түсінік беру, әртүрлі тақырыптағы баяндамалар т.б.) қатынастырып пікірлер алмастырып отырды. Сондай-ақ мектепте қыздар және ұлдар секциялары жұмыс жасайды. Олардың өз жоспарларына сәйкес жұмыстар жасалынып, түрлі тақырыпта оқушылармен әр түрлі форматтағы жұмыстарға сынып оқушылары қатынасты. Мысалы: Кибербуллинг деген не? , Жыныстық тәрбие, Жас ерекшеліктеріне байланысты өзгерістер және т.б.

Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатындағы сынып оқушылары төмендегі үйірме жұмыстарына қатынасты.

«Балалар және театр» үйірмесі	«Қолкүрес» үйірмесі	«Дебат» үйірмесі	Би үйірмесі
1	1	2	1

Үйірмелерге қатысымы жөнінен 1-оқушы екі үйірмеге де қатынасқан оқушылар болды.

Оқушылардың жыл бойына сабаққа қатысымын қадағалау:

қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан	қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	Мамыр
100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	Төлеубаев Архат «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтандыру орталығы Түркістан қаласы 25.02-20.03.2024ж.	100 %	100 %

Тәрбие бағыттары бойынша сынып сағаттары уақытында өткізілді. Биылғы оқу жылындағы тәрбие жұмысының өту барысы қанағаттанарлық.

Келесі оқу жылына алынған шешімдер:

- Жаңа оқу жылында ата-аналармен байланыс жасап, оқушылардың орналасуын және одан әрі 100 пайыз оқумен қамтамасыз етілгендігін қадағалау;
- Оқушылардың жазғы демалыс уақытын тиімді өтуін ата-аналармен бірлесе отырып қамтамасыз ету;

Сынып жетекшісі: Нургалиева Алтынай Жалеловна.